# Жомарт күз



# Сабақтың мақсаты:

1) Балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылату арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту.

2) Қоршаған ортаға табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы тапсырмаларды орындау арқылы ойларын грамматикалық формада жеткізіп және байланыстырып сөйлеуге төсілдіру.

3) Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білу, сезінуге тәрбиелеу.



# Шаттық шеңбері

*Амансың ба, қоңыр күзім,*
*Амансың ба, алтын күзім*
*Амансың ба, шаттық күнім*
*Амансың ба, табиғатым!*
*Жүздері күндей жайнаған,*
*Ойларын шаттық жайлаған*
*Сәлеметсіздер ме, апайлар !*









***“Жомарт күз” : Менің атым – Жомарт күз. Күздің бірінші айымын, байлықтың, барлықтың айымын.***
***Амансыңдар ма, балалар!***
***Ерінбестен еңбек етіп келетін,***
***Еңбекшіге бар жемісін беретін.***
***Мен, Жомарт күз, ынтымақты еліңе,***
***Берекелі ырыс болып енетін.***



***“Алтын күз” : Менің атым – Алтын күз.***
***Жиын-терімнің соңғы айымын.***
***Еңбекқор елді той-думанға кенелтемін.***
***Жапқандай жапырағы іздерді,***
***Қуантып байлығымен ізгі елді.***
***Бір тойдырып қайту үшін елімді,***
***Сабырлы, сары алтын күз келді.***



***“Қоңыр күз” : Күздің соңғы айы – Қоңыр күз деген мен боламын. Күннің суытып, қыстың жақын қалғанын естеріңе саламын.***

***Құстар қайтып ән салып***
***Бұлт торлады аспанды,***
***Қыс келеді жар салып,***
***Күзгі  суық басталды..***




Счастливая семья возле собранного богатого урожая
© Яков Филимонов / Фотобанк Лори
ФОТОБАНК ЛОРИ
lori.ru / 4.915.051







# ***<u>Ойын:” Табиғат мейірімді”</u>***

***1 . Жер-Ана мейірімді, өйткені ол………***

***2. Күн мейірімді, өйткені ол…….***

***3. Табиғат мейірімді, өйткені ол ……***

***Логикалық тапсырма:***

***1 топ:***

- ***“ Өзі дөңгелек, жасыл ала, әрі дәмді........”***
- ***“Нәзік хош иісі аңқыған......”***

***2 топ:***

- ***“Бұдыр-бұдыр, кіртілдек, ұзын жасыл...”***
- ***“ Өзен бұлақтан ұзын болса, онда бұлақ...”***

***3 топ:***

- ***“Өзі сопақ, сарыала,мәрі тәтті...”***
- ***“Терек қайыңнан биік болса, онда қайың...”***

# *Сергіту сәті:*

***Жапырақпыз, жапырақпыз.***
***Жапырақпыз күздегі.***
***Бұтақтарда отыр едік,***
***Жел тұрғанда ұштық біз.***
***Ұшып-ұшып, айналып.***
***Біз ұшудан шаршадық.***
***Жел де, міне, тоқтады***
***Біз отырдық шеңберге***
***Міне, тағы жел тұрды,***
***Жапырақтар тез ұшты.***
***Ұшып-ұшып айналып,***
***Жерге түсіп, төселді.***












AGRO-RUSSIA

# ***Мұзафар Әлімбаев***



***1923 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Маралды ауылында туған – ақын, Қазақстанның Халық жазушысы (1994), еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978).Әлімбаевтың 300-дей өлеңіне ән жазылған, бірнеше ән кітаптары шыққан.***



**М. Әлімбаев**

**“Алтын күз”**

**Сарғайды тоғай,**
**Сап-сары маңай.**
**Соңғы әнін айтып,**
**Құс кетті қайтып.**



***“Мақал-мәтелді жалғастыру”***

***1 топ. “Еңбек түбі - ...”***

***2 топ. “Еңбек етсең ерінбей, ....”***

***3 топ. “ Еңбектің наны тәтті, ...”***

# Қорытынды.

*Сурет салу.*

*1 топ-Бидайдың сабағы*

*2 топ-Күзгі жапырақ*

*3 топ-Жеміс,көкеністер.*